



## Қызметтерді сатып алу туралы шарт №1138697/2025/1

06.08.2025 жылғы

Товарищество с ограниченной ответственностью "АЗИЯГАЗ ЧУНДЖА", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Устава, негізінде әрекет ететін Генеральный директор Ахметалиев Азамат Хамитұлы атынан, бір жағынан, және "Самрук-Казына Контракт" ЖШС бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, Сенімхат №4267515237 30.06.2025 бастап, негізінде қызмет ететін Операциялық жұмыс қызметінің басшысы Мусин Дамир Серикбаевич атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» мамыр №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалар сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің (бұдан әрі – Тәртіп) 59-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес және Бір көзден сатып алу туралы шешім № 1138697 негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде іартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегідей келісімге келді.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шарттың талаптары бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – сатып алудың веб-порталы), оның ішінде, Тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығын (бұдан әрі – ТЖҚ БНА), (28.08.2012 ж. №1137, 26.09.2016 ж. №1977 авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) (бұдан әрі – Қызметтер) пайдалану құқығын беру бойынша қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

1.2. ТЖҚ БНА Тапсырыс берушінің ішкі коммерциялық емес пайдалануына арналған. Шарттың 1.1-тармағында көрсетілген ТЖҚ БНА-ға айрықша құқықтар Орындаушыға тиесілі.

### 2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы құны ҚҚС қосқанда 358 912 (үш жүз елу сегіз мың тоғыз жүз он екі) теңге 96 тиын тең және бұл сомаға Қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығындар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған барлық салықтар және алымдар кіреді, және Шартта және Тәртіпте қарастырылған жағдайлардан басқа, Тараптар осы Шарт бойынша өздерінің міндеттерін толық орындамағанша өзгеріске жатпайды.

2.2. Қызметтер үшін төлем 2025 жылғы 10 тамызға дейін ҚҚС-ты қосқанда 358 912 (үш жүз елу сегіз мың тоғыз жүз он екі) теңге 96 тиын мөлшерінде жартыжылдық үшін аванстық төлем арқылы жүзеге асырылады.

2.3. Осы Шарт бойынша төлем Тапсырыс берушімен осы Шарттың 13-бабында белгіленген Орындаушының банк шотына ақшалай қаражатты көшіру арқылы орындалады.

### 3. Тараптардың құқықтары және міндеттері

3.1. Орындаушы міндетті:

- 3.1.1. <https://zakup.sk.kz> сатып алу веб-порталын пайдалану құқығын беруге;
- 3.1.2. <http://enstru.kz> ақпараттық жүйесінде ТЖҚ БНА-ға қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы Тапсырыс берушіге ТЖҚ БНА-ны пайдалануға беруге;
- 3.1.3. <http://enstru.kz> ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;
- 3.1.4. көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге. Елішілік құндылық үлесі бойынша дұрыс емес ақпарат берілген жағдайда Орындаушы Тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапты болады;
- 3.1.5. Тапсырыс берушінің бас пайдаланушысының (бұдан әрі – Бас пайдаланушы) жаңа кандидатурасы туралы хабарлама алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде сатып алу веб-порталын пайдалануға жауапты Тапсырыс берушіні ауыстыруды жүзеге асыруға;
- 3.1.6. осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге веб-портал сатып алу арқылы елішілік құндылық үлесі бойынша есептілік беруге;
- 3.1.7. Қызмет көрсету тарифтерінің өзгергені туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге;
- 3.1.8. ағымдағы тоқсанның соңына дейін электрондық актілерді шығару.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 3.2.1. осы Шарттың 2.2-бөлімінде көзделген мөлшерде және мерзімдерде қызметтерге ақы төлеуге;
- 3.2.2. Бас пайдаланушыны тағайындауға. Бас пайдаланушы Тапсырыс берушінің жеке кабинетіндегі деректердің өзектілігі үшін жауап береді;
- 3.2.3. Бас пайдаланушыны ауыстырған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға осындай өзгеріс болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде хабарлама жіберуге міндеттенеді;
- 3.2.4. ТЖҚ БНА-ға Орындаушының айрықша құқықтарын сақтауға (түпнұсқаны немесе көшірмелерді кез келген тәсілмен алмау, таратпау, өзгертпеу, сатпау, пайдалануға бермеу, тарату мақсатында импорттамау, кез келген бұқаралық ақпарат құралдарында жарияламау, коммерциялық пайда алу мақсатында кез келген тәсілмен өңдемеу);





3.2.5. сатып алу веб-порталында көрсетілген қызметтердің электрондық актісіне оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

3.2.6. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген сатып алу мәселелері бойынша есептілікті жасау және ұсыну тәртібі туралы нұсқаулықта (бұдан әрі - Нұсқаулық) белгіленген тәртіппен орындаушыға ақпарат беруге;

3.2.7. Сатып алудың жылдық көлемі ұлғайған және/немесе Қызметтерді көрсету тарифі көтерілген жағдайда Орындаушының бекітілген тарифтік жоспарына сәйкес Шарт сомасын ұлғайту үшін тиісті қосымша келісімді жіберу арқылы мұндай жағдай туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде белгіленген тәртіппен қол қою үшін сатып алу веб-порталы арқылы шарт жасау;

3.2.8. көрсетілген қызметтердің электрондық актісіне қол қоюдан бас тартылған жағдайда Орындаушыға көрсетілген қызметтердің электрондық актісін қол қоюға қайта жіберу туралы хабарлама жіберуге міндеттенеді.

### 3.3. Орындаушының:

3.3.1. осы Шарттың 2.2-бөліміне сәйкес төлемді талап етуге;

3.3.2. Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар ете отырып, сатып алу веб-порталынан ажырату жолымен қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға;

3.3.3. осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін бөгде ұйымдарды тартуға;

3.3.4. Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіден Ақпарат беруді талап етуге құқығы бар;

3.3.5. Ұсынуы тиіс:

1) контрагенттің атауын, шот нөмірін және төлем мақсатын қоса алғанда, шарттар бойынша төлемдер сомалары туралы ақпаратты қамтитын «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қауіпсіз мекенжайына банктік үзінді көшірмесін;

2) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сұратуы бойынша жасалған шарт бойынша кез келген ақпаратты.

3.3.6. Тапсырыс берушіні міндетті түрде хабардар ете отырып, қызметтер көрсетуге арналған тарифтерге өзгерістер енгізуге құқығы бар.

### 3.4. Тапсырыс берушінің:

3.4.1. Орындаушыдан уақтылы және сапалы қызмет көрсетуді талап етуге;

3.4.2. Орындаушыдан электрондық шот-фактураны, көрсетілген қызметтердің электрондық актісін ұсынуды талап етуге құқығы бар.

### 3.5. Қызметтерді тапсыру-қабылдау тәртібі:

3.5.1. Орындаушыдан уақтылы және сапалы қызмет көрсетуді талап етуге;

3.5.2. Тапсырыс беруші 2025 жылғы 31 наурыздан, 30 маусымнан, 30 қыркүйектен, 31 желтоқсаннан кешіктірмей сатып алу веб-порталында тиісті тоқсанда көрсетілген қызметтердің электрондық актісіне қол қояды;

3.5.3. егер Тапсырыс беруші Шарттың осы тармағында көрсетілген мерзімде тиісті кезеңде көрсетілген қызметтердің электрондық актісіне қол қоймаса не сатып алу веб-порталында қол қоюдан бас тартса, онда көрсетілген қызметтердің электрондық актісі қол қойылған болып есептеледі, ал Қызмет есепті тоқсанның соңғы жұмыс күні күніне көрсетіл

## 4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Орындаушы Шартта ескерілген Қызметтерді көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Қызметтерді көрсету мерзімін өткізіп алған әрбір күн үшін уақтылы көрсетілмеген қызметтер құнының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

4.2. Көрсетілген Қызметтер үшін төлемді негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

4.3. Елішілік құндылық бойынша есептілікті уақтылы ұсынбаған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспайды.

4.4. Тапсырыс беруші осы Шарттың 3.5.2-тармағында көрсетілген мерзімде көрсетілген қызметтердің электрондық актісіне сатып алу веб-порталда уақтылы қол қоймаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің сатып алу веб-порталын пайдалануға қол жеткізуін шектеуге құқылы.

4.5. Осы Шарттың 3.2.7-тармағында көрсетілген жағдайларда қосымша келісім уақтылы жіберілмеген жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушінің сатып алу веб-порталын пайдалануға қол жеткізуін шектеуге құқылы.

## 5. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

5.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы Шартқа, Тәртіпке және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа тәртіппен көзделмеген өзге де негіздер бойынша өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының және/немесе Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгерте алатын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.





5.3. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар сатып алу веб-портал арқылы электрондық түрде ресімделсе, жарамды болады.

5.4. Шарт Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша бұзылуы мүмкін.

5.5. Шарт бұзылған жағдайда Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапты оны бұзудың нақты күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар етуге міндетті. Бұл ретте Тараптар өз міндеттемелерін орындағаннан кейін шарт бұзылды деп есептеледі.

5.6. Сатып алуда Қордың уәкілетті органы сатып алу мәселелері бойынша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған шартты біржақты тәртіппен бұзуына жол берілмейді. Бұл жағдайда шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына және Орындаушыға шартты бұзған күні ол шеккен нақты шығыстарды төлеуге сәйкес бұзылуы мүмкін.

5.7. Егер шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

## 6. Хабарлама

6.1. Осы Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама, егер ол осы Келісімде көрсетілген электрондық пошта арқылы және/немесе [etotinish.gov.kz](mailto:etotinish.gov.kz) ақпараттық жүйесі арқылы және/немесе «Documentolog» электрондық құжат айналымы жүйесі және/немесе Бірыңғай электрондық құжат айналымы жүйесі орталығы арқылы.

6.2. Хабарлама жеткізу күні немесе осы күндердің қайсысы кеш келетініне байланысты хабарламада көрсетілген күшіне енетін күні күшіне енеді.

6.3. Қандай да бір Тараптың заңды (нақты) мекенжайы, сондай-ақ банктік және өзге де деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап осындай өзгерістер болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші Тарапты хабардар етуге міндетті. Мұндай хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және осы күндердің қайсысы кеш келетініне байланысты жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енген күні (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді. Ескі мекенжайлар мен банк деректемелері бойынша тараптардың міндеттемелерін олардың өзгерістері туралы хабарламаға дейін орындау тиісті және тиісінше деп есептеледі.

## 7. Шарттың мерзімі

7.1. Осы Шарт оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 2025 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады және 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін, ал өзара есеп айырысу бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

## 8. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

8.1. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде хабарламада форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың басталу фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.

8.2. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл шектеусіз: су тасқыны, өрт, техногендік апаттар, басқа да табиғи табиғи құбылыстар, әскери іс-қимылдар, террористік актілер, блокада, ереуілдер, сатып алу веб-порталындағы техникалық іркілістер, сондай-ақ шарттардың орындалуына тікелей әсер еткен мемлекеттік органдардың тыйым салынған шараларын қамтитын еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайларының салдары болып табылса.

## 9. Дауларды шешу тәртібі

9.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

9.2. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады.

9.3. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

## 10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

10.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

10.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

10.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды,





сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

10.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты хабарлама арқылы хабардар етуге міндеттенеді. Хабарламаны алғаннан кейін тиісті Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын бұзушылық орын алмағанын немесе болмайтынын растауды алғанға дейін тоқтата тұруға құқылы. Бұл растау жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс.

10.5. Хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

10.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

### 11. Құпиялылық

11.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

11.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің Тапсырыс берушіге Қызмет көрсететін контрагент-банктердің «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, талап етілетін арналар хаттамаларын пайдалана отырып, шарт бойынша ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

### 12. Басқа шарттар

12.1. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған, занды күші бірдей, сатып алу веб-порталы арқылы жасалады. Шартқа қатысты барлық хат-хабарлар және Тараптар арасында алмасатын басқа да құжаттамалар осы шарттарға сәйкес болуы керек.

12.2. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оларды электрондық түрде жасаған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары ЭЦҚ-ға қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

12.3. Шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

### 13. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

Товарищество с ограниченной ответственностью "АЗИЯГАЗ  
ЧУНДЖА"  
Алматинская область, Уйгурский район, с. Чунджа, ул. Аль-  
Фараби 128  
БСН 141040016165  
БСК HSBKKZKX  
ЖСК KZ736010131000210480  
АО "Народный Банк Казахстана"  
Тел.: +7 (701) 358-4455  
Генеральный директор Ахметалиев Азамат Хамитұлы

"Самрук-Казына Контракт" ЖШС  
Астана қ., Сығанак, строение 17/10  
БИН 070840005309  
БИК KPSTKZKA  
ИИК KZ22563Z350000108046  
"Қазпошта" АҚ  
Тел.: +7 (717) 257-0275  
Операциялық жұмыс қызметінің басшысы Мусин Дамир  
Серикбаевич

05.08.2025 15:07:23

06.08.2025 10:02:47






4785434332

№1 қосымша

№1138697/2025/1 от 06.08.2025 жылғыкелісім-шарт үшін

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізімі

| ЖП тармағының № | Атауы және қысқа сипаттамасы                                                     | Қосымша сипаттамасы                                           | Жалпы саны | Саны  | Өлшем бірлігі | ҚР ҚҚС белгісі | Сомасы     | Жеткізу орны                                                                                | Жеткізу шарттары | Жеткізу мерзімі                                                    | Төлем шарттары                                              |
|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|------------|-------|---------------|----------------|------------|---------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|--------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
| 8 У             | Электрондық сатып алулардың ақпараттық жүйесін қолдану бойынша қызмет көрсетулер | Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесін пайдалану қызметтері | 1.000      | 1.000 | -             | Иә             | 358 912.96 | КАЗАХСТАН, Алматинская область, Уйгурский район, Чунджинский с.о., с.Чунджа, Аль-Фараби 128 | -                | Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.12.2025 дейін. | Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100% |





## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1138697 сатып алу бойынша  
Бір көзден тәсілімен

Лот № 1 (8 У, 4148476)

Тапсырыс беруші: Товарищество с ограниченной ответственностью "АЗИЯГАЗ ЧУНДЖА"

Орындаушы: "Самрук-Казына Контракт" ЖШС

### 1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

| Атауы                          | Мәні                                                                             |
|--------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------|
| Жол нөмірі                     | 8 У                                                                              |
| Атауы және қысқаша сипаттамасы | Электрондық сатып алулардың ақпараттық жүйесін қолдану бойынша қызмет көрсетулер |
| Қосымша сипаттама              | Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесін пайдалану қызметтері                    |
| Саны                           | 1.000                                                                            |
| Өлшем бірлігі                  | -                                                                                |
| Жеткізу орны                   | ҚАЗАҚСТАН, Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжа а.о., Шонжа а., Аль-Фараби 128     |
| Жеткізу шарттары               | -                                                                                |
| Жеткізу мерзімі                | Шартқа қол қойылған күннен бастап (қоса алғанда) 31.12.2025 дейін.               |
| Төлем шарттары                 | Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%                      |

### 2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесін пайдалану қызметтері



Шарттың №3

қосымшасы №1138697/2025/1 от 06.08.2025 жылғы

Шарттың №3

қосымшасы №1138697/2025/1 от 06.08.2025 жылғыҚызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы №

| № р/с | Жеткізуші* | ТЖҚ БНА коды * | Сатып алынған тауарлардың атауы және қысқаша сипаттамасы | МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктерінің коды | Сатып алу көлемі            |               | СТ-KZ сертификаты |       |                      |               |               |                         | Тауар шығарылған елдің коды | внутристрановая ценность в товаре, в тенге | внутристрановая ценность в договоре, % |
|-------|------------|----------------|----------------------------------------------------------|--------------------------------------|-----------------------------|---------------|-------------------|-------|----------------------|---------------|---------------|-------------------------|-----------------------------|--------------------------------------------|----------------------------------------|
|       |            |                |                                                          |                                      | в единице измерения по ст.5 | акпалай мәнде | №                 | Серия | Берген органның коды | Берілген жылы | Берілген күні | Елішілік құндылық үлесі |                             |                                            |                                        |
| 1     | 2          | 3              | 4                                                        | 5                                    | 6                           | 7             | 8                 | 9     | 10                   | 11            | 12            | 13                      | 14                          | 15 (7*13/100%)                             | 16 (Σ15/Σ7*100%)                       |
|       |            |                |                                                          |                                      |                             |               |                   |       |                      |               |               |                         |                             | 0,00                                       | x                                      |
|       |            |                |                                                          |                                      |                             | 0,00          |                   |       |                      |               |               |                         |                             | 0,00                                       | 0,00%                                  |

Ескерту:

3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша қолжетімді: <http://www.enstru.skc.kz/>

8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.

9. СТ-KZ сертификатының сериясы.

10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.

11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.

12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.

13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тең

14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.

Елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.



Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

| №<br>р/с | Орындаушы/Суб<br>мердігер | Келісім<br>-шарт<br>нөмірі | Келісім-<br>шарттың<br>құны | Келісім-шарт шеңберінде<br>орындаушы немесе субмердігер<br>сатып алатын/сатып алған<br>тауарлардың жиынтық құны | Келісім-шартты орындау шеңберінде<br>жасалатын/жасалатын субмердігерлік<br>келісім-шарттардың жиынтық құны | Келісім-шартты орындайтын/орындаған<br>жеткізушінің немесе субмердігердің<br>қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің<br>жалпы қорындағы қазақстандық<br>кадрларға еңбекақы төлеу қорының<br>үлесі | Шарттағы елішілік құндылық үлесі,<br>(ақша қаражат түрінде) |
|----------|---------------------------|----------------------------|-----------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
| 1        | 2                         | 3                          | 4                           | 5(1-ші кестеден)                                                                                                | 6                                                                                                          | 7                                                                                                                                                                                           | 8(=(4-5-6)*7)                                               |
|          |                           |                            |                             |                                                                                                                 |                                                                                                            |                                                                                                                                                                                             | 0,00                                                        |
|          |                           |                            |                             |                                                                                                                 |                                                                                                            |                                                                                                                                                                                             | 0,00                                                        |

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

| №<br>р/с | Орындаушы | Келісім-шарт | Келісім-шарт<br>күні | Келісім-шарт<br>валютасы | Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы | внутристрановая ценность в договоре, %                              |
|----------|-----------|--------------|----------------------|--------------------------|-----------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|
| 1        | 2         | 3            | 4                    | 5                        | 6                                                               | 7 (= $\sum 15(\text{табл.1}) + \sum 8(\text{табл.2}) / 6 * 100\%$ ) |
|          |           |              |                      |                          |                                                                 | 100                                                                 |

Ескерту:

елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Қол қоюшылар:

Ахметалиев Азамат Хамитұлы, Генеральный директор

Мусин Дамир Серикбаевич, Руководитель Службы операционной деятельности

Имантаев Мухамедьяр Ермекович, Ведущий менеджер Службы операционной деятельности

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе



## Договор о закупке услуг №1138697/2025/1

06.08.2025 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "АЗИЯГАЗ ЧУНДЖА", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице Генеральный директор Ахметалиев Азамат Хамитұлы, действующего на основании Устава, с одной стороны, и Товарищество с ограниченной ответственностью "Самрук-Қазына Контракт" именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице Руководитель Службы операционной деятельности Мусин Дамир Серикбаевич, действующего на основании Доверенность №4267515237 от 30.06.2025, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с подпунктом 17) пункта 1 статьи 59 Порядка осуществления закупок АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденного решением Совета директоров АО «Самрук-Қазына» (№193 от «03» марта 2022 года) (далее – Порядок) и на основании Решение о закупке из одного источника № 1138697, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

### 1. Предмет Договора

1.1. По условиям настоящего договора Исполнитель обязуется оказать Заказчику услуги по предоставлению прав пользования Информационной системой электронных закупок (далее – веб-портал закупок), в том числе, Единым номенклатурным справочником товаров, работ и услуг (далее – ЕНС ТРУ), (свидетельство о государственной регистрации прав на объект авторского права №1137 от 28.08.2012., №1977 от 26.09.2016.) (далее-Услуги).

1.2. ЕНС ТРУ предназначен для внутреннего некоммерческого использования Заказчиком. Исключительные права на ЕНС ТРУ, указанные в п.1.1 Договора, принадлежат Исполнителю.

### 2. Сумма Договора и условия оплаты

